

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 69 "Сайлаулар кезінде сайлаушылармен кездесу өткізу үшін кандидаттарға шарттық негізінде үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 63 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда № 3294 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 4 және 6 тармақтарына сәйкес Маңғыстау ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №69 "Сайлаулар кезінде сайлаушылармен кездесу өткізу үшін кандидаттарға шарттық негізінде үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2663 болып тіркелген, 2015 жылы 22 сәуірде №18-19 "Жаңа өмір" газетінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 қосымшалары осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (А.Аққұлов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Айтұаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Маңғыстау аудандық

сайлау комиссиясының төрағасы

Озған Саттар Тұрашұлы

"22" 02 2017 жыл

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "22"

02 № 63 қаулысына 1 қосымша

Маңғыстау ауданының аумағында сайлаулар өткізу кезеңінде сайлаушылармен кездесу өткізу үшін кандидаттарға шарттық негізде берілетін үй-жайлар

№	Ауылдық округ, ауыл атаулары	Кездесу өткізілетін орын	Мекен-жайы, байланыс телефондары
1	Шетпе ауылы	Аудандық мәдениет үйінің үлкен залы	Шетпе ауылы, Орталық алаң 8(72931) 21457
2	Ақтөбе ауылдық округі	Ұштаған ауылдық мәдениет үйі	Ұштаған ауылы 8(72959) 43851
3	Онды ауылдық округі	Онды ауылдық мәдениет үйі	Онды ауылы 8(72931) 24734
4	Жармыш ауылы	Жармыш ауылдық мәдениет үйі	Жармыш ауылы 8(72931) 27348
5	Сайөтес ауылдық округі	Сайөтес ауылдық клубы	Сайөтес ауылы 8(72931) 45468
6	Жыңғылды ауылы	Жыңғылды ауылдық мәдениет үйі	Жыңғылды ауылы 8(72931) 24493
7	Отпан ауылдық округі	Тұщыбек негізгі орта мектебі	Тұщыбек ауылы 8(72931) 28036
8	Шайыр ауылдық округі	Шайыр ауылдық мәдениет үйі	Шайыр ауылы (872931) 27704
9	Тұщықұдық ауылдық округі	Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі	Тұщықұдық ауылы 8(72931) 41481
10	Шебір ауылдық округі	Шебір ауылдық клубы	Шебір ауылы 8(72931) 41712
11	Ақшымырау ауылы	Ақшымырау ауылдық клубы	Ақшымырау ауылы 8(72931) 42587
12	Қызан ауылы	Қызан ауылдық мәдениет үйі	Қызан ауылы 8(72931) 42065

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "22"

" 02 № 63 қаулысына 2 қосымша

Маңғыстау ауданының аумағында кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

р/с	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Шетпе ауылы	Орталық базар, муниципалдық сауда орталығы аумақтарындағы, теміржол вокзалы, автобекет, Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимараттарындағы ақпараттық стендтер, Шетпе-1 шағын ауданында және Қарашоқы шағын ауданында "Салтанат" мейрамханасына қарсы орналасқан билбордтар тұғыры

2	Сайөтес ауылдық округі, Сайөтес ауылы	Теміржол вокзалы, ауылдық спорт кешені және "Боздақ бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
3	Жыңғылды ауылы	"Е.Айшуақұлы атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі және ауылдық пошта ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
4	Отпан ауылдық округі, Тұшыбек ауылы	Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық Е.Оразақов атындағы туберкулезге қарсы шипажай" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимараты аумағындағы ақпараттық стендтер
5	Шайыр ауылдық округі, Шайыр ауылы	"Шайыр орта мектебі" мемлекеттік мекемесі және ауылдық мәдениет үйі ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
6	Тұщықұдық ауылдық округі, Тұщықұдық ауылы	"С.Жанғабылов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы ақпараттық стендтер
7	Шебір ауылдық округі, Шебір ауылы	"Қаратөбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратындағы ақпараттық стендтер
8	Қызан ауылы	"Қызан" өндірістік кооперативі және "Балауса" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
9	Ақшымырау ауылы	"Ақшымырау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және ауылдық клуб ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
10	Жармыш ауылы	"Жармыш" өндірістік кооперативі және ауылдық мәдениет үйі ғимараттарындағы ақпараттық стендтер
11	Ақтөбе ауылдық округі, Ұштаған ауылы	А.Өтепбергенов көшесіндегі "Ерсұлтан" дүкені жанындағы ақпараттық стендтер
12	Онды ауылдық округі, Онды ауылы	"Онды" өндірістік кооперативі және "Онды орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимараттарындағы ақпараттық стендтер